

БАС ТАҚЫРЫПТАР

Ерлан Сайыров: Партиялар өткеннің жүгінен арылуы қажет

Нұрбек ТҮСІПХАН

3 шілде 2026 жыл, 20:48



Мәжіліс депутаты Ерлан Сайыров. Астана, қазан, 2022 жыл.

Тіркелген оппозициялық партия жоқ, алдағы Құрылтай сайлауында билікшіл партиялар арасында өзара бәсеке болуы мүмкін бе? Биліктегі "Аманат" партиясының мүшелері неге жаппай "Әділетке" өтуге өтініш тапсырып жатыр? Бұл жөнінде Азаттық сауалдарына экс-депутат Ерлан Сайыров жауап берді.

Азаттық: Жақында "Әділет" партиясына өтуге өтініш бердім деп видео жариялап едіңіз. Ол партияға мүше болып қабылдандыңыз ба?

Ерлан Сайыров: Кеше өтініш бердім, әзірге қабылдаған-қабылдамағаны жөнінде ешқандай хабар алған жоқпын.

Азаттық: "Әділеттің" жұмысы қалай екен?

Ерлан Сайыров: "Әділет" партиясының саяси басшылығы жаңа ғой. Ол жерде негізінен жастар, сондықтан олар цифрлық технология, жасанды интеллект сияқты нәрселерге баса назар аударады. Бұл – заңдылық. Партия жұмысы Қазақстандағы орта бизнесті қолдау мәселесімен басталып жатыр. Бұл Қазақстандағы саяси процесстердің негізінде экономикамыздың жаңа тәртібін жасауға бағытталатынын айқындайтын тәрізді.



[↓ Жүктеп алу](#) ✓

Азаттық: Өзіңіз айтып отырған жаңа технологияны меңгерген жастардың қарқынына ілесе алатын сияқтысыздар ма?

Ерлан Сайыров: Оны өмір көрсетеді ғой.

Азаттық: Партия атынан сайлауға түсетін кандидаттар тізімінде боласыз ба? Сіздерді "әділеттіктер" сырттан келген адам деп шеттетіп жатқан жоқ па?

Ерлан Сайыров: Бұл мәселе біріншіден Қазақстанның халқына, екіншіден "Әділет" партиясының саяси менеджментіне байланысты болады. Біз "Аманат" партиясы съезінің шешіміне бағынамыз ғой, "Аманат" партиясы "Әділетке" қосылу жөнінде саяси шешім қабылдады. Әрі қарай біздің саяси тағдырымыз, әрине, сол "Әділет" партиясының басымдықтарына сәйкес болады.

Азаттық: "Аманат партиясы "Әділетке" қосыларда Азаттық тілшісінің сұрағына сіз "Аманаттың" артынан [экс-президент Нұрсұлтан] Назарбаевтың құлағы шығып тұрады" деген едіңіз. Сол сөзіңіз көп талқы тудырды. Назарбаевтың құлағы тұрмақ өзі болған кезде де сіз "Нұр Отан" партиясына мүше болдыңыз емес пе? Сол кезде "Нұр Отанды" мақтағансыздар. Кейін "Аманатты" дәріптедіңіздер. Енді "Әділеттің" сөзін сөйлемексіздер ме?

Ерлан Сайыров: "Нұр Отан" партиясына парламенттің рөлін арттыру, қоғаммен етене жұмыс атқару деген сияқты нақты сайлау бағдарламасымен келдік. Өздеріңізге белгілі, 2022 жылғы Қазақстандағы "елбасы" статусын жою туралы заң авторларының бірі – менмін. Ал қазір жаңа Конституция қабылдануына байланысты елімізде жаңа саяси бағыт болуы қажет.

"Аманат" партиясы үш жыл ішінде жақсы жұмыс атқарды, өз миссиясын орындады. Дегенмен "Аманат" сол кездегі саяси жүйемен ассоциация жасалады. Менің айтқаным – осы.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Дос Көшім: Партия атын ауыстырудың орашалақ технологиясын ойлап тапқан сияқты

Азаттық: "Аманаттың" миссиясы дегеніңіз ескі "Нұр Отан" мен қазіргі жаңа "Әділеттің" ортасындағы транзит қызметі болды ма?

Ерлан Сайыров: Солай айтуға да болады. Үш жыл жұмыс атқарды. Осы үш жылдың ішінде біздің партия және жалпы мәжіліс Қазақстанның саяси жүйесін халыққа жақындату бағытында жұмыс атқарды. Енді жаңа Конституция қабылданды. Бұл - Қазақстандағы жаңа саяси дәуір. Партиялар өткеннің жүгінен арылуы қажет деп ойлаймын. Өзім байқадым, "Әділет" партиясында көбі жастар, олардың өмірге, саяси процеске деген көзқарасы бөлек. Менің ойымша әрі қарай саясатқа жастарды тарту қажет.

Азаттық: Өзіңіз айтып өткендей, алдымен "Нұр Отанға", одан кейін "Аманатқа" мүше болдыңыз, оның сөзін сөйледіңіз. Аманаттың сөзін сөйледіңіз. Енді "Әділетке" мүше болып, оның жалауын желбіретпексіздер. Бұл бір позициядан тайқу деп ойламайсыз ба?

Ерлан Сайыров: Сіздер мейнстрим психологиямен ойлап тұрсыздар. Біздің ең негізгі мақсатымыз – Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту. Бір партияның жойылып кетуі немесе екіншісінің пайда болуы – әрбір азаматтың саяси бағдарламасын жүзеге асырудың құралы ғана. Бұл – саясаттың классикасы. Сондықтан біздің негізгі мақсатымыз – Қазақстанның тәуелсіздігіне қызмет ету. Ал ол қандай да бір партияға байланып қалмайды.

Азаттық: Қазір байқап отырмыз, "Әділет" партиясының өңірлердегі филиалдарын басқаруға бекітіліп жатқан адамдардың көбі сол бұрынғы "Аманат" партиясының мүшелері екен. Бұған қарап "Әділет" дегеніміз атауы өзгерген баяғы "Аманат" екен ғой деген сұрақ туады. Не деп жауап берер едіңіз?



View more on Instagram



721 likes



Ерлан Сайыров: Мұнда бәрібір сабақтастық болады. Ол жерде "Аманат" партиясының өкілдері де, жаңа буын өкілдері де бар. Менің ойымша, бұл керісінше саяси сабақтастықты көрсетеді. Мен кеше ғана "Аманат" партиясының орталық кеңсесінде болдым. Бұл жердегі ең негізгі мәселе – жаңа құндылықтар, жаңа бағыт. Біз мәндерді ауыстырмауымыз керек. Бүгінгі таңдағы саяси процестің ең негізгі мәні – жаңа саяси дәуірге сәйкес болу. Егер азаматтардың көзқарасы,

олардың саяси бағыты жаңа дәуірге сәйкес келетін болса, біз неге сапалы адам капиталнан айырылуымыз керек? Біз кейде мәндерді әдейілеп, кейде байқамай шатастырып жатамыз.

Мұндағы басты мәселе – Қазақстанның жаңа Конституциясы күшіне енді. Осы Конституцияның басым бағыттарын іс жүзіне асырып, Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтуға күш салуымыз керек.

Азаттық: Қазір Қазақстанда парламент жоқ. Сайлауға дейін әлі 50 күн бар. Алда-жалда аяқ астынан президент ел басқаруға қабілетсіз болып қалса билік кімнің қолына өтеді?


Ерлан Сайыров: Менің ойымша ондай жағдай болмайды. Қазақстан мемлекетіне ондай жағдайды тілемеуіміз керек.

Азаттық: Ешкім тілеп отырған жоқ. Парламент тарамай тұрып осыны ойластырып алмадыңыздар ма? Осы процедураны түсіндіріп берсеңіз.

Ерлан Сайыров: Үкімет бар, қазір мемлекетіміздің басқару жүйесі өте мығым. Сондықтан бұл сөздің өзі артық тәрізді.

Азаттық: Партиялардың қосылуы, жаңа Конституция, бірпалаталы парламент сияқты өзгерістерді сынайтын сарапшылардың көбі сайлау әділ өтпей ештеңе өзгермейді дейді. Қазақстанда сайлау әділ өтпейді деген пікір өте өміршең. Алдағы Құрылтай сайлауын билік әділ өткізуге мүдделі ме?

Ерлан Сайыров: Кеше Орталық сайлау комиссиясының басшысы [Нұрлан Әбдіров] ең бірінші жиналысты ашты. Қазақстанда тіркелген жеті партияның барлығы сайлауға қатысады деді. Сондықтан, менің ойымша, сайлау халықаралық стандарттарға және заңға сәйкес өтеді. Қазір әділдік принципі Батыс демократиясының өзінде девальвацияға ұшырап жатыр. Біз ең бастысы осы сайлаудың заңға сәйкес өтуін талап етуіміз керек. Менің ойымша, ол солай болады да.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Сайлау және дауыс санау: учаске хаттамалары неге жарияланбайды?

Азаттық: Өзіңіз білесіз, жаңа айтқан жеті партияның бәрі де Ақорданы, президент саясатын қолдайды. Шынайы оппозициялық партиялардың құрылуына мүмкіндік берсе, сайлау науқаны әлдеқайда қызық, бәсекелі болмас па еді?

Ерлан Сайыров: Менің ойымша, Қазақстанда саяси плюрализм принциптері іс жүзіне асып жатыр. Конституцияның өзі азаматтардың құқығы мен бостандығына кепілдік береді. Менің ойымша, осы жеті партия Қазақстанда қандай саяси көзқарас бар, соның барлығын қамтып отыр.

Айдар

ЖАЛПЫ АРХИВ

БАС ТАҚЫРЫПТАР